

„Айболған“ бөбекжайы балабақшасы
(мектепке дейінгі ұйым атауы)

2019 жж

ЖАЗ МЕЗГІЛІНІҢ ЖУРНАЛЫ

ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАЛАРЫ,
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТ ЖОСПАРЛАРЫ

„Айболған“

ЕКІНШІ КІШІ ТОП

ЖАЗ МЕЗГІЛІНІҢ ЖУРНАЛЫ

ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАЛАРЫ,
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТ ЖОСПАРЛАРЫ

„ Айболтам “ бөбектәйі балабақшасы
(мектепке дейінгі ұйым атауы)

„ Балғартам “ ЕКІНШІ КІШІ ТОП

Тәрбиешілер Ознар Айлеу
(есімі, тегі)

(есімі, тегі)



Жаз мезгілінің күн тәртібі

Күн тәртібінің кезеңдері (үлгі)	Уақыты(үлгі)	Балабақша әкімдігі бекіткен күн тәртібіндегі кезеңдер уақыты
Таңертеңгі дидарласу: Таңғы жаттығу, таңғы ас	8.00-9.30	
Ойын түрінде ұйымдастырылатын оқу қызметтер:	9.30- 10.00	
Серуен, табиғатты бақылау	10.00-11.45	
Гигиеналық шаралар, түскі ас	11.45-13.00	
Түскі ұйқы	13.00 -15.00	
Ұйқыдан ояну, шынығу, бесін ас	15.00-16.00	
Серуен шығармашылық ермек ойындар	16.00-17.40	
Үйге оралу	18.00-19.00	

Жаз мезгілдегі ойын түрінде ұйымдастырылатын оқу қызметтер кестесі

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім салалары	таным	денсаулық	коммуникация	шығармашылық	әлеумет
Ойын түрінде оқу қызметтер: (үлгі) уақыты _____	Құрастыру0,5/ Жаратылыстану0,5	Дене шынықтыру1	Сөйлеуді дамыту0,5/ Көркем әдебиет0,5	Мүсіндеу0,25, Аппликация0,25/ Сурет салу 0,25 Музыка 0,25	Экология0,5 /Қоршаған ортамен танысу0,5
Балабақшаның өз кестесі					

* ұйымдастырылатын оқу қызметтер кестесінің балабақшаның өз кестесі деген қатарына меңгеруші бекітіп берген оқу қызметтерді қолмен жазып толтырады. Егер үлгі кестедегі оқу қызметтерді өтуіне меңгеруші келісім берсе, онда балабақшаның өз кестесі деген қатары толтырылмайды. Үлгі деген жазуды сызып тастап, жоғарғы бұрышына меңгеруші қол қойып бекітіп береді.

ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ҰСЫНЫЛҒАН СЕРУЕНДЕР ЖОСПАРЫНЫҢ СЫЗБАСЫ
(үлгі)

Апта күндері, білім саласы	уақыты			
	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
	тәрбие шараларының тақырыптары			
Дүйсенбі – Таным	Шебер қолдар өнері	қимылды ойын (қайталау)	дидактикалық ойын(жаңа)	Шебер қолдар өнері
Сейсенбі – Денсаулық	Денсаулық іс шарасы	Құммен, сумен ойындар	Денсаулық іс шарасы	қимылды ойын (қайталау)
Сәрсенбі – Коммуникация	үй жануарлары	Табиғат ауа райы	желілі ойын (жаңа)	құстар
Бейсенбі - Шығармашылық	қуыршақ театры	Музыкалық іс шара	Қуыршақ театры	Музыкалық іс шара
Жұма - Әлеумет	«Көңілді доп» үйірмесі	Ертегі шаңырағы	Табиғаттағы еңбек	Үй жануарлары

**БАЛАБАҚША ӘКІМДІГІНІҢ ЖУРНАЛДЫ ТОЛТЫРУЫН
БАҚЫЛАУ КЕСТЕСІ**

айлар	1 апта	2апта	3апта	4 апта	бақылаушы		бақылаушының қолы
маусым	ұсыныстар мен ескертулер						
шілде							
тамыз					5апта		

* Бұл кестеде тәрбиешінің жоспарлаған тәрбие шаралары мен білім мазмұны мен сапасын мектепке дейінгі ұйым әдіскері немесе меңгерушісі тексеріп, ескертулер мен қорытындыларын жазады. Бақылауды мына белгіге сәйкес жүзеге асырады: Тексеру күні.
Жазу: «Жоспар тексерілді, кеңес берілді, ұсынылды: 1....., 2....., 3..... және т.б.».

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ БІТІМІНІҢ ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ ӨСУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Бала аты-жөні, тегі	Баланың жасы (айы, күні)	Маусым айы		Тамыз айы	
			бойы	салмағы	бойы	салмағы
1	Амантай Арман					
2	Ақдасқазы Айболат					
3	Ақмұхан Мәсін					
4	Ашүрсейіт Жаңа					
5	Амантай Айман					
6	Бейсенбай Рамазан					
7	Бердімұр Аман					
8	Бейбітшілік Байсар					
9	Бағдат Абдулазиз					
10	Берікқазы Маржан					
11	Баймұхан Бағдат					
12	Баходир Абдина					
13	Еркеқазы Ғазына					
14	Дихан Асхат					
15	Дихан Мақсат					
16	Дүкенбай Жан					
17	Құлыбек Мәжид					
18	Жүніс Аманжол					
19	Қирибай Аманжол					
20	Қанат Қыназ					
21	Қалиев Құрсат					
22	Қоңғарбай Қанат					
23	Қасым Құрбан					
24	Мұхтарбек Құрбан					
25	Тыстанов Аманжол					
26						
27						
28						
29						
30						
31						
32						
33						
34						
35						

* өлшем мамыр және тамыз айының соңғы күндері жүргізіледі

Бекіткен

менгерушісі



ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

№	Тақырыптар	Апталық тақырыптар
1	МАУСЫМ	Жайдары жаз келді!
2	ШІЛДЕ	Жайнай бер, Қазақстаным!
3	ТАМЫЗ	Табиғат әлемі

МАУСЫМ АЙЫ

Жайдары жаз келді! (Маусым айы)	1 апта	Таным Құрастыру0,5/ Жаратылыстану0,5	Денсаулық Дене шынықтыру1	Коммуникация Сөйлеуді дамыту0,5/ Көркем әдебиет0,5	Шығармашылық Мүсіндеу0,25, аппликация0,25/ сурет салу 0,25 Музыка 0,25	Әлеумет Экология0,5 / Қоршаған ортамен танысу0,5
	2 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Жаз мезгілі» Жаз туралы түсініктерін калыптастыру. Жаздың белгілерін атай білу.	Дене шынықтыру Күні: _____ Лактыру әдістерін орындауда кимыл дағдысын калыптастыру	Көркем әдебиет Күні: _____ «Жаз еді» Жаз туралы такпақ жаттау	Аппликация Күні: _____ «Жаз композициясы» Дайындалған ірі ағаштар және ұсақ гүлдерден жаз мезгілі туралы композиция дайындау.	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Еңбекке құрмет» Аула сыпырушысының еңбегін бақылау, көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзінің еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
	3 апта	Құрастыру Күні: _____ «Ғажайып қалашық» Түрлі түсті құрастыру материалдарынан ғажайып қалашық құрастыру.	Дене шынықтыру Күні: _____ Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту	Сөйлеуді дамыту Күні: _____ «Ертегілер елінде» Ертегі оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекеті туралы сұрақтарға жауап беру. Ертегіні айтуын үйрету	Сурет салу Күні: _____ «Ғажайыптар әлемінде» Асфальтта түрлі-түсті бояулармен балалардың еркін сурет салуы	Экология Күні: _____ «Үй жануарлары мен құстары» Балабақшада мекендейтін жануарлар, құстарға эмоционалды, жағымды, қамқорлықпен қарауды калыптастыру.
	4 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Шырайгүл және баркытгүл» Шырайгүл және баркытгүлге бақылау жасау. Ерекшеліктерін атай білу	Дене шынықтыру Күні: _____ Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту	Көркем әдебиет Күні: _____ «Табиғаттың гүлденуі» Суреттер бойынша табиғаттың гүлденуі туралы әңгімелеу.	Музыка Күні: _____ «Аялайық гүлдерді» Гүлдер қимылын қайталау. Қағаз гүлдерге отырып, қолмен көрсетіп билету.	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Саяхат» Өзге адамдарың іс- әрекеттерін бақылау, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
		Құрастыру Күні: _____ «Үйшік» Ертегі кейіпкерлеріне арналған ірі құрастыру материалдарынан үй құрастыру	Дене шынықтыру Күні: _____ Допты қақпаға домалатуды үйрету, қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқтың ұшына тұра білуін бекіту.	Сөйлеуді дамыту Күні: _____ «Ертегілер елінде» Алдыңғы оқу қызметте айтылған ертегіні оқып беру, естеріне түсіріп сахналауды үйрету.	Мүсіндеу Күні: _____ «Жануарлар саябағы». Ертегідегі жануарларды мүсіндеу. Жеке жұмыстарды біріктіріп ұжымдық композиция жасау	Экология Күні: _____ «Үй жануарлары» Өздеріне таныс ертегіде кездесетін жануарлардың сыртқы ерекшеліктерін атау.

*Үш ай жаз мезгіліне арналған дайын перспективалық жоспар ұсынылады. Перспективалық жоспардағы тақырыптар 2018-2019 оқу жылдарына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің әдістемелік нұсқаулығынан алынған. Менгеруші осы перспективалық жоспарды бекітіп береді.

* Музыка оқу қызметінің жоспары тек үлгі ретінде ұсынылады. Тәрбиеші музыка оқу қызметін өзі өтпейді. Егер музыка маманы осы журналға толтырамын десе балабақша әкімшілігінен рұқсат алып толтыра беруіне болады.

ШІЛДЕ АЙЫ

Жайнай бер, Қазақстаным! (Шілде айы)		Таным Құрастыру0,5/ Жаратылыстану0,5	Денсаулық Дене шынықтыру1	Коммуникация Сөйлеуді дамыту0,5/ Көркем әдебиет0,5	Шығармашылық Мүсіндеу0,25, аппликация0,25/ сурет салу 0,25 Музыка 0,25	Әлеумет Экология0,5 / Қоршаған ортамен танысу0,5
	1 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Туылған күніңмен- Нұр-Сұлтан» Нұр-Сұлтан қаласының табиғи ерекшеліктері туралы суреттер арқылы көрсету, таныстыру	Дене шынықтыру Күні: _____ Доптың ұшуының дұрыс жолын: алға, жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту	Көркем әдебиет Күні: _____ «Нұр-Сұлтан» Нұр-Сұлтан қаласы туралы түсінік беру. Такпак жаттау	Аппликация Күні: _____ «Көбелек» Дайын пішіндерден ұшып жүрген көбелектерді жапсыру	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Ел жүрегі - Нұр- Сұлтан» Қазақстан туралы түсінік беру. Оның астанасы- Нұр-Сұлтан қаласы екенін түсіндіру.
	2 апта	Құрастыру Күні: _____ «Менің арамындағы қала» Ірі және ұсақ құрастыру материалдарын пайдалана отырып, қиял ғажайып қалашық құрастыру.	Дене шынықтыру Күні: _____ Доптың ұшуының дұрыс жолын: алға, жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту.	Сөйлеуді дамыту Күні: _____ «Менің қалам» Өздерінің тұрып жатқан қалалары туралы суреттер көрсету. Көрікті жерлерін сурет бойынша әңгіме жасау	Сурет салу Күні: _____ «Үйлер» Құмда үй салуды үйрету	Экология Күні: _____ «Жемістер мен көкөністер» Өз қаласының табиғатының ерекшеліктерімен таныстыру. Жаз мезгілінде балабақша ауласында пісетін Жемістер мен көкөністермен таныстыру.
	3 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Көкөністер мен жемістер» Көкөністер мен жемістер туралы білімдерін толықтыру. Өсімдіктерге судың пайдасы туралы түсінік беру.	Дене шынықтыру Күні: _____ Бір мезгілде екі аяғымен екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқпен алға қарай секіре жылжып түсе білуін бекіту.	Көркем әдебиет Күні: _____ «Көңілді жарыстар» Жарыс туралы түсінік беру. Қазақстанның спортшыларымен таныстыру	Музыка Күні: _____ «Өрқашан күн сөнбесін» Көңілді ән жаттау. Музыка ырғағына сәйкес қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау.	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Көліктер» Көлік құралдарымен таныстыру, олардың да жарыс түрлеріне қатысатыны туралы түсінік беру, мультфильм арқылы көрсету.
	4 апта	Құрастыру Күні: _____ «Кеме» Қағаздан кеме құрастыруды үйрену. Құрастырған кемелерін ауладағы бассейнге салып жүздіру	Дене шынықтыру Күні: _____ Допты көтерілген қолдың биіктігінде керілген жіп арқылы 2 м арақашықтықта тұрып, қолды жазып лақтыруды үйрету.	Сөйлеуді дамыту Күні: _____ «Теңіздер мен мұхиттар әлемі» Теңіздер мен мұхиттар суретін көрсету. Су туралы мультфильм көрсету. Не көргендері туралы сұрау.	Мүсіндеу Күні: _____ «Ыдыстар» Сазбалшықтан немесе ермексазdan су құйатын ыдыстар жасату	Экология Күні: _____ «Су қасиеті» Судың қасиетімен таныстыру. Суды қорғау іс-шаралары туралы түсінік беру.

Табиғат әлемі (Тамыз айы)		Таным Құрастыру0,5/ Жаратылыстану0,5	Денсаулық Дене шынықтыру1	Коммуникация Сөйлеуді дамыту0,5/ Көркем әдебиет0,5	Шығармашылық Мүсіндеу0,25, апликация0,25/ сурет салу 0,25 Музыка 0,25	Әлеумет Экология0,5 / Қоршаған ортамен танысу0,5
	1 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Жабайы аңдар» Жабайы аңдар туралы не білетіндерін сұрау. Олардың өздеріне тән белгілерін атау.	Дене шынықтыру Күні: _____ Тепе-теңдікті сақтап, жіптің бойымен жүруді үйрету.	Көркем әдебиет Күні: _____ «Жабайы табиғат әлемі» Жабайы табиғат туралы суреттер көрсету. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру.	Апликация Күні: _____ «Әтеш» дайын пішіндерден жабайы жануарларды жапсыруды үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Заттар әлемі» Әр түрлі заттар беру арқылы сапалары мен қасиеттерін айта білуді қалыптастыру.
	2 апта	Құрастыру Күні: _____ «Жер Ана» Қағаз бөліктерін бүктеу арқылы пішіндерін өзгерту.	Дене шынықтыру Күні: _____ Қарқын мен ырғақты сақтап, қол ұстасып, шеңбер бойымен жүгіру.	Сөйлеуді дамыту Күні: _____ «Жер Анаға қамқорлық» Жер ананың берер сыйы туралы слайд көрсету. Жерге қалай қамқорлық жасауға болатыны туралы түсінік беру.	Сурет салу Күні: _____ «Көкөністер мен жемістер» Көкөністер мен жемістердің суретін салу. Түстерді ажырата білуін пысықтау.	Экология Күні: _____ «Өсімдіктерге қамқорлық» Ересектермен бірге өсімдіктерге күтім жасау, қарапайым еңбек тапсырамаларын орындауды қалыптастыру.
	3 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Туған өлке» Туған өлкенің өсімдіктерімен таныстыру, ерекшеліктері және пайдасы туралы түсінік беру.	Дене шынықтыру Күні: _____ «Жыланша» ирелендеп, қойылған заттардың арасымен жүруге жаттықтыру.	Көркем әдебиет Күні: _____ «Шалқан» Ертегі оқып беру.	Музыка Күні: _____ «Әдемі көбелек» Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Мен және қоршаған орта» қоршаған ортадағы заттарды тани білу. Үйде және демалыста қолданылатын заттарды ажырата білу. Олардың қасиеттері туралы және не үшін пайдаланатынын айту.
	4 апта	Құрастыру Күні: _____ «Жыл құстары» құрастыру материалдарынан құстарға ұя жасап үйрену	Дене шынықтыру Күні: _____ Көлбеу тактай бойымен еңбектеуге жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту Күні: _____ «Құстар» Құстар туралы таклақ жаттау. Құстардың тіршілігі және бірнеше құстарды атай білуін қалыптасу.	Мүсіндеу Күні: _____ «Аққу» Ермексазdan бөлікке бөлмей аққудың мүсінін жасау.	Экология Күні: _____ «Үй және дала құстары» Үй құстары мен дала құстарының айырмашылықтарын атау, бірнеше құстарды танып, атай білуін қалыптастыру.
	5 апта	Жаратылыстану Күні: _____ «Құстар» Құстар туралы не білетіндерін естеріне түсіру. Жаз мезгіліндегі құстардың тіршілігіне бақылау жасату.	Дене шынықтыру Күні: _____ Жүгіру кезінде сигнал бойынша өз орын тауып алу. Допты жоғары лақтыру және оны екі қолымен қағып алу жаттығуларын пысықтау	Көркем әдебиет Күні: _____ «Ертен оқу басталады» 1 Қыркүйек білім күні екенін айтып түсіндіру. Оқушылардың мектепке бара жатқан суреттерін көрсетіп, сурет бойынша әңгіме жасау.	Апликация Күні: _____ «Мерекелік шарлар» Білім күніне арналған мерекелік шарларды жапсыру. Түстерді таңдауда еркіндік беру.	Қоршаған ортамен таныстыру Күні: _____ «Отбасым» Отбасы мүшелері туралы сұрау. Олардың ішінде мектепке баратын оқушылардың бар жоқтығын сұрау. Оқушылар туралы түсінік қалыптастыру.

МАУСЫМ АЙЫ - 1 апта
Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

Апта күндері	Дүйсенбі күні _____	Сейсенбі күні _____	Сәрсенбі күні _____	Бейсенбі күні _____	Жұма күні _____
Білім салалары	таным	денсаулық	коммуникация	шығармашылық	әлеумет
Таңертеңгі дидактасы: уақыты 7 ³⁰ - 8 ²⁰	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау.				
Таңғы жаттығу,	I. Жүру, жанымен жүру, баяу жүгіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жартылай шеңбер болып тұру. Басын оңға, солға бұрып сәлемдесіп иілу. II. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде, шынтақтан бүгілген 1-қолды алға созу, 2-жоғары созу, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол белде: 1-солға иілу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 3-оңға иілу, 4-бастапқы қалыпқа оралу 4-5 рет қайталау. IV. Бастапқы қалып аяқты созып отыру, қол белде: 1-аяқты бүгіп, тізені құшақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет қайталау Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас уақыты 8 ²⁰ - 8 ⁵⁵	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қымын шашпауға, сұйық сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Оқу қызметтер: уақыты 9 ⁰⁰ - 10 ⁰⁰	Жаратылыстану Жаз туралы түсініктерін қалыптастыру. Жаздың белгілерін атай білу.	Дене шынықтыру Лактыру әдістерін орындауда қимыл дағдысын қалыптастыру	Көркем әдебиет Жаз туралы тақпақ жаттау	Апликация Дайындалған ірі ағаштар және ұсақ гүлдерден жаз мезгілі туралы композиция дайындау.	Қоршаған ортамен таныстыру Аула сыпырушысының еңбегін бақылау, көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзінің еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
Серуен уақыты 10 ⁰⁰ - 11 ⁰⁰	Бақылау және танысу:				
	Шебер қолдар өнері Бормен балабақша ауласында күн салу	Денсаулық іс шарасы «Көңілді жарыс» эстафеталық жарыс	Үй жануарлары Күшікпен таныстыру. Су беру, тамақтандыру	Қуыршақ театры Үстел үсті театры «Жеті лак» ертегісін айтып беру	«Көңілді доп» үйірмесі Әр түрлі көлемдегі доптармен ойындар
	ойындар:				
	Жеке бас еркін ойындары мен қимылды ойын. Сумен, құммен еркін ойындар.				
Гигиеналық шаралар, түскі ас уақыты 11 ⁰⁰ - 13 ⁰⁰	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүлгіні қолдану, киімдерімен суламауды, сүлгіні өз орнына іруді әдістерін пысықтау.				
Ұйқы уақыты 13 ⁰⁰ - 15 ⁰⁰	Тамақты дұрыс ішу, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қымын шашпауға, шай және сорпасын төкпей ішуді пысықтау Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты 15 ⁰⁰ - 16 ⁰⁰	«Ригалық әдіс» бойынша шынықтыру шаралары Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс кию. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Серуен шығармашылық ермек ойындар, 16 ⁰⁰ - 18 ⁰⁰ уақыты	«Допты дәлдеп лақтыру» к/о	«Сақина жасыру» к/о	«Құстардың ұшып келуі» к/о	«Тышқандар мен мысықтар» к/о	«Шыбыққа қалпақ кигізу» к/о
Үйге оралу	Еркін ойындар, құммен ойын				

№ 1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 3.06.2019

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: Жаз мезгілі

Мақсаты: Жаз туралы түсініктерін қалыптастыру. Жаздың белгілерін атай білу.

Кіріспе бөлім: Аулаға саяхатқа шығамыз деп аулаға апару ол жерде гүлдер мен жеміс ағашымен таныстыру. Жаз мезгілінің ерекшеліктерін атап өту.

Балалардан жаз туралы не білетіндерін сұрау

Негізгі бөлім: Гүлдер ауа райы қандай болып тұрғанда гүлдейді, ол қай жыл мезгілінде болатынын түсіндіру. Гүлдерді іскеп ісін хош екенін сезіндіру. Аулада қоқыстарды жинап шөп арасын тастардан тазалауды ұйымдастыру. Бірігіп тату жұмыс жасауды қалыптастыру

Қорытынды бөлім: Көріп танысқандарын қорыту

№ 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 4.06.2019

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Дене шынықтару

Мақсаты: Лактыру әдістерін орындауда қимыл дағдысын қалыптастыру.

Қолданылатын құралдар: Майда лактыруға лайық доптар немесе құм салынған қапшықтар

Кіріспе бөлім: Балаларды шеңберге жинап денені жан жақта дамытушы жаттығуларын жасату

Негізгі бөлім: Балаларға майда доптарды көрсетіп оларды алып нысанға тигізу керек екендігін айту. Әр бала нысанға допты лактырып тигізуді ұйымдастыру.

Қимылды ойын: Поезд

Балалар колонаға бір-бірімен тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ болғанша балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдерді тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поезддің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

Қорытынды бөлім: Балалардың белсенділігін бағалау, мақтап мадақтау

№ 3 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 5.06.2019

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: «Көркем әдебиет»

Тақырыбы: Жаз еді

Мақсаты: Жаз туралы тақпақ жаттау

Көрнекілігі: Жаз туралы слайдтар

Кіріспе бөлім: **Таңғы жиын** Қайырлы таң балалар. Бүгін күн қандай керемет. Қане барлығымыз бір-бірімізге жылу көтеріңкі көңіл сыйлайық

Күлімде күн күлімде

Жер жасарып көгерсін

Кешегідей бүгінде

Қанат қақсын көгершін

Негізгі бөлім: Балаларға жаз туралы слайд көрсету. Қандай мезгіл бейнеленгенін сұрау.

Осы жаз туралы тақпақ жаттауға ұсыныс жасау.

Суреттер арқылы тақпақ жаттау.

Жаз еді

Өзен жай ағады,

Жағасы балауса.
Көбелек қағады,
Қанатын жалауша.
Ә.Ахметов

Қорытынды бөлім: Балаларды ортаға жинап бүгінгі іс-әрекеттері жайлы сұрап, қорытындылау.

№ 4 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 6.06.2019

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Аппликаци

Тақырыбы: Жаз композициясы

Мақсаты: Дайындалған ірі ағаштар және ұсақ гүлдерден жаз мезгілі туралы композиция дайындау

Көрнекілігі: дайын ағаш және гүл пішіндері желім, плакат

Кіріспе бөлім: Балаларға топ бөлмесінің төріне қойылған әсем екі қорапшаны көрсету оның ішінде не бар екенін білу үшін балаларды шақырады

Негізгі бөлім: Қораптың ішінен гүлдер және ағаштар шығады. Бір- бір гүлден алып келуді ұсынады. Алған гүлді және ағашты ортаға қойылған үлкен плакат бетіне – жасыл тоғайға желімдеп жапсыру керектігін айтып түсіндіреді, көрсетеді.
Балалар жұмыстарын болған соң ортаға шығып сергіту сәтін жасайды.
Видео сергіту

Қорытынды бөлім: Сұрақ-жауап әдісі арқылы іс-әрекетті қортындылау.

№ 5 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 4.06.2019

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Еңбекке құрмет»

Мақсаты: Аула сыпырушысының еңбегін бақылау, көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзінің еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Көрнекілік:

Кіріспе бөлім: Балаларға керемет саяхатқа барамыз деп аулаға ертіп шығады.

Негізгі бөлім: Балабақша ауласында жүрген аула сыпырушы немесе бақташыға барады. Сәлемдестіру. Ол кісінің қандай қызмет атқаратынын сұрау. Жасап жатқан жұмысын тамашалату.
Балалардың да көмектескісі келетінін айту. Өздерімен алып шыққан су құйғыштар мен сыпырғыларды беріп балаларға еңбек іс әрекетін жасату.
Болған соң, бақташы балаларға өзі өсіріп жатқан гүлдерден алып, көмектескендері үшін алғыс айтып сыйға тартады.

Қорытынды бөлім: Гүлдерін топқа алып келіп, құмырасымен арнайы сөреге қояды. Балалардың бақташыға не істеп көмектескендерін сұрау. Ол кісінің еңбегіне құрметпен қарау керектігін айту. Ол үшін ауланы шашып, коқыс тастамау қажеттігін түсіндіру.

тексердім: М.М.М.

МАУСЫМ АЙЫ 2 апта
Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

Апта күндері	Дүйсенбі күні _____	Сейсенбі күні _____	Сәрсенбі күні _____	Бейсенбі күні _____	Жұма күні _____					
Білім салалары	таным	денсаулық	коммуникация	шығармашылық	әлеумет					
Таңертенгі дидарласу уақыты 7 ³⁰ -8 ⁰⁰	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайың, көңіл күйің сұрау. I. Жүру, жанымен жүру, баяу жүгіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жартылай шеңбер болып түру. басын оңға, солға бұрып сәлемдесіп иілу. II. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде, шынтактан бүгілген 1-қолды алға созу, 2-жоғары созу, 3-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол белде: 1-солға иілу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 3-оңға иілу, 4-бастапқы қалыпқа оралу 4-5 рет қайталау. IV. Бастапқы қалып. Аяқты созып отыру, қол белде: 1-аяқты бүгіп, тізені құшақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет қайталау Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары									
Таңғы жаттығу										
Таңғы ас уақыты 8 ⁰⁰ -8 ⁵⁵	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау, нан қықымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.									
Оқу қызметтер: уақыты 9 ⁰⁰ -10 ⁰⁰	Құрастыру Түрлі түсті құрастыру материалдарынан ғажайып қалашық құрастыру.	Дене шынықтыру Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту	Сөйлеуді дамыту Ертегі оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекеті туралы сұрақтарға жауап беру. Ертегіні айтуын үйрету	Сурет салу Асфальтта түрлі-түсті бояулармен балалардың еркін сурет салуы	Экология Балабақшада мекендейтін жануарлар, құстарға эмоционалды, жағымды, қамқорлықпен қарауды қалыптастыру.					
Серуен уақыты 10 ⁰⁰ -11 ⁰⁰	Бақылау және танысу: <table><tr><td>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысықтар»</td><td>Құммен, сүмен ойындар: Қамалдар жасау, су шашу ойындары</td><td>Табиғат ауа райы: Бақ-бақ гүлін теру. Жел ескенін бақылату</td><td>Музыкалық іс шара «Жайдары жаз»</td><td>Ертегі шаңырағы: Түлкі мен тырна</td></tr></table> ойындар: Жеке бас еркін ойындары мен қимылды ойын. Ойын арқылы мейірімділік, ұқыптылық, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу					Қимылды ойын «Тышқандар мен мысықтар»	Құммен, сүмен ойындар: Қамалдар жасау, су шашу ойындары	Табиғат ауа райы: Бақ-бақ гүлін теру. Жел ескенін бақылату	Музыкалық іс шара «Жайдары жаз»	Ертегі шаңырағы: Түлкі мен тырна
Қимылды ойын «Тышқандар мен мысықтар»	Құммен, сүмен ойындар: Қамалдар жасау, су шашу ойындары	Табиғат ауа райы: Бақ-бақ гүлін теру. Жел ескенін бақылату	Музыкалық іс шара «Жайдары жаз»	Ертегі шаңырағы: Түлкі мен тырна						
Гигиеналық шаралар, түскі ас уақыты 11 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	«_____» әдісімен сауықтыру шарасы Сүмен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қықымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру									
Ұйқы уақыты 13 ⁰⁰ -15 ⁰⁰										
Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты 15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰	«Ригалық әдіс», бойынша шынықтыру шаралары Киімдерін ұқыпты өздігінен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту									
Серуен шығармашылық ермек ойындар, 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰ уақыты	«Сақина алу» к/о	«Не жедің тауып айт» к/о	«Қасқыр мен қоян» к/о	«Қарақұс пен балапандар» к/о	«Поезд» к/о					
Үйге оралу	Балалардың құммен еркін ойындары.									

№1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 10.06.2019ж

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Құрастыру

Тақырыбы: «Ғажайып қалашық»

Мақсаты: Түрлі түсті құрастыру материалдарынан ғажайып қалашық құрастыру

Көрнекілік:

Кіріспе бөлім: Танғы жиын

Қайырлы таң балалар

Бүгін күн қандай керемет

Қане барлығымыз бір бірімізге жылу көтеріңкі көңіл сыйлайық

Көңілдімін күлемін

Бакытты боп жүремін

Бәрін біліп алатын

Мен ақылды баламын

Дымбілместен хат келеді. Хатта Дымбілмес балалардан ғажайып қалашық жасап беруді сұрайды

Негізгі бөлім: Құрастыру орталығы

Тәрбиешінің көрсетуімен әр бала бір тақшадан алып оған бір-біріне қондырады. Болған соң суретке түсіріп дымбілмеске жіберетінін айтады.

Балаларды мақтап енді сергіп алайық деп әдемі ән айтқызады, би билетеді.

Қорытынды бөлім: Жаксы еңбекті бағалап сұрақтар қойып жауап алу

Балаларды мадақтап жұлдызша тарату.

№ 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 11.06.2019

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Дене шынықтыру

Мақсаты: Денені жан- жақты дамытатын жаттығуларды орындауды пысықтау, Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі

30-40см жіптің астынан еңбектеп өту, заттар арасына жарыса еңбектеу

Қолданылатын көрнекіліктер: Жіп, түрлі заттар

Кіріспе бөлім: Балаларды алаңға шақырады

I. Жүру, жай жүру, қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды алға созу, бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде

1- қолды жанына созу, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол желкеде.

1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол белде.

1- қолды жанына созу, 2- отыру, 3- бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қойып қос аяқтап қояндарша секіру. 7-8 сек.

Негізгі бөлім: Екі кіші топқа бөлініп белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа

биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту, заттар арасында жарыса еңбектеу. Қимылды ойын. «Поезд»

Қорытынды бөлім: Іс-әрекетте белсенділік танытқан балаларды мадақтайды.

№3 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 12.06.19ж

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Ертегілер елінде»

Мақсаты: Ертегі оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекеті туралы сұрақтарға жауап беру. Ертегіні айтуын үйрету

Көрнекілік құралдар:

Кіріспе бөлім: Д.О «Бұл не?» үй жануарлары жайлы

Негізгі бөлім: «Лақтар мен қасқыр» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін көрсету және қуыршақ кейіпкерлерді қолданып ертегіні айтып беру және ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап алу арқылы түсінігін тыңдап сөздік жұмыстар жүргізу.

- балалар ертегі не туралы?

- Қасқыр не істеді?

Ертегіде кім жақсы кім жаман екен?

Қорытынды бөлім: Балаларды ортаға жинап бүгінгі іс-әрекеттері жайлы сұрап, қорытындылау.

№ 4 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 13.06.19ж

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Сурет салу

Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемінде»

Мақсаты: Асфальтта түрлі-түсті бояулармен балалардың еркін сурет салуы

Кіріспе бөлім: Таңғы жиын

Балалар шенберге тұрып амандасады;

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түсті даламыз.

Қайырлы таң, балалар,

Сәлем, сәлем, сәлем.

Ертегілер әлеміне саяхатқа шығады қораптардан таныс ертегі кейіпкерлерін алып әңгімелейді.

Негізгі бөлім: Балаларға қоян суретін салу әдістерін көрсетіп, осы суретті аулада түрлі түсті бормен жерге саламыз деп балаларды аулаға алып шығу.

Бір-бір бордан таратып беріп, еркін сурет салуына мүмкіндік беру.

Балалардың борды қалай пайдаланып жатқанын бақылау және қандай сурет салғандары жөнінде сұрайды.

Қорытынды бөлім: Жақсы еңбекті бағалау мадақтау

№5 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 14.06.19ж

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Экология

Тақырыбы: «Үй жануарлары мен құстары»

Мақсаты: Балабақшада мекендейтін жануарлар, құстарға эмоционалды, жағымды, қамқорлықпен қарауды қалыптастыру

Көрнекілігі: Түрлі тақырып бойынша суреттер,

Кіріспе бөлім: Балаларға сиқырлы қорапты көрсетіп, оны қозғап сықырлатып ашып қараймызба? деп қызығушылығын көтереді

Негізгі бөлім: Қораптан «Бұл не?» дидактикалық ойын құралдарын шығарады - үй құстары және жануарлар бейнеленген майда карточкалар. Әр балаға біреуден беріп не екенін сұрайды. Карточкаларын жинап алып ортаға топтағы құсты көрсетеді, оларға жем берейік деп қимыл әрекет жасатады.

Ортағы шығып сергіту сәтін жасау. Құстарға еліктеп ұшу қимылын орындатады.

Қорытынды бөлім: Бүгінгі жұмыстары жайлы сұрап, балаларға әңгімелетіп іс-әрекетті қорытындылау

мекендеріміз. Ж.Мамбет

МАУСЫМ АЙЫ - 3 апта
Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

Апта күндері	Дүйсенбі күні _____	Сейсенбі күні _____	Сәрсенбі күні _____	Бейсенбі күні _____	Жұма күні _____
Білім салалары	таным	денсаулық	коммуникация	шығармашылық	әлеумет
Танертенгі дидарласу: уақыты 4 ³⁰ -8 ⁰⁰	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау.				
Таңғы жаттығу	I. Жүру, жанымен жүру,баяу жүгіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жартылай шеңбер болып тұру. басын оңға, солға бұрылып сәлемдесіп иілу. II. Бастапқы калып: аяқтың арасы ашық кол кеудеде, шынтактан бүгілген 1-колды алға созу, 2-жоғары созу, 3-бастапқы калыпқа оралу.4-5 рет қайталау. III. Бастапқы калып аяқ арасы ашық, кол белде:1-солға иілу, 2-бастапқы калыпқа оралу, 3-оңға иілу, 4-бастапқы калыпқа оралу 4-5 рет қайталау. IV. Бастапқы калып аяқты созып отыру, кол белде:1-аяқты бүгіп,тізені құшақтау, 2-бастапқы калыпқа оралу,4-5 рет қайталау Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас уақыты 8 ⁰⁰ -8 ³⁵	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Оқу қызметтер: уақыты 9 ⁰⁰ -10 ⁰⁰	Жаратылыстану Шырайгүл және барқытгүлге бақылау жасау. Ерекшеліктерін атай білу	Дене шынықтыру Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту	Көркем әдебиет Суреттер бойынша табиғаттың гүлденуі туралы әңгімелеу.	Музыка Гүлдер қимылын қайталау . Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу.	Қоршаған ортамен таныстыру Өзге адамдарың іс-әрекеттерін бақылау, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
Серуен уақыты 10 ⁰⁰ -11 ⁰⁰	Бақылау және танысу:				
	Дидактикалық ойын (жаңа):« сынарын тауып қос» Шырайгүл және барқытгүлді тану, бақылап салыстыру	Денсаулық іс-шарасы: «жалпақ табанды-лықты түзету жұмыстары»	желілі ойын (жаңа)«Бөпешім» Бөпені шомылдырамыз, киімін кигізіп, әлдилеп ұйқатамыз.	Қуыршақ театры «Ешкі мен қасқыр» ертегісін қуыршақ театры арқылы тамашалау, әсерлену	«Табиғаттағы еңбек» Ағаштарға су құйғызу, жапырақтарын тамашалау
	ойындар:				
	Балабақшаауласында өсетін ағаштар және гүлдерге бақылау жасату. Жеке бас еркін ойындары мен қимылды ойын. Бояумен, бормен ойындар				
Гигиеналық шаралар, түскі ас уақыты 11 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Ұйқы уақыты 13 ⁰⁰ -15 ⁰⁰	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты 15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру				
	«Ригалық әдіс» бойынша шынықтыру шаралары				
	Киімдерін ұқыпты өздігенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту.				
	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Серуен шығармашылық ермек ойындар, 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰ уақыты	«Ақ доп, қызыл доп» к/о	«Трамвай»к/о	«Үрпек төбет»к/о	«Күміс алу»к/о	«Допты дәлдеп лақтыр»к/о
Үйге оралу	Балалардың еркін ойындары				

№1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 14.06.19ж

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Шырайгүл және барқытгүл»

Мақсаты: Шырайгүл және барқытгүлге бақылау жасау. Ерекшеліктерін атай білу

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңберде балаларға

Армысыңдар, халайық!

Бармысыңдар, халайық!

Жаз келді ән салып,

Оны біз қарсалайық дегенде топқа жаз аруы келеді. Ол әр балаға гүл силап гүлдің атын сұрайды. Жауаптарына риза боп сыйлық әкелгенін айтады да бір-бір жемістен сыйлайды. Қоштасады.

Негізгі бөлім: Балаларды балабақша ауласына ертіп шығып, өсіп тұрған шырайгүл (петунья) және барқытшөпті көрсетеді.

Гүлдер аула да болсын үйде болсын бірдей күтім қажет етеді.

Гүлдердің тіршілік ету үшін не керек білесіңдер ме?

Су қажет. Сонда ғана гүл әдемі болып өседі. Ал балалар сендер гүлдерге су құйғыларың келе ме деп, балаларға суқұйғыштар таратып беріп жұмысты ұйымдастырады.



Қорытынды бөлім: Балалардың әрекеттерін талқылап қорытады

№2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 18.06.19ж

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Дене шынықтыру

Мақсаты: Денені жан- жақты дамытатын жаттығуларды орындауды пысықтау, Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту, заттар арасына жарыса еңбектеу

Қолданылатын көрнекіліктер: Жіп, түрлі заттар

Кіріспе бөлім: Балаларды алаңға шақырады

I. Жүру, жай жүру, қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды алға созу, бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде

1- қолды жанына созу, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып : аяқтың арасы ашық, қол желкеде.

1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол белде.

1- қолды жанына созу, 2- отыру, 3- бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қойып қос аяқтап қояндарша секіру. 7-8 сек.

Негізгі бөлім: Екі кіші топқа бөлініп белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өту, заттар арасында жарыса еңбектеу
Қимылды ойын. «Допты дәлдеп лақтыр»

Қорытынды бөлім: Іс-әрекетте белсенділік танытқан балаларды мадақтайды

№ 3 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 18.06.19ж

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»

Мақсаты: Суреттер бойынша табиғаттың гүлденуі туралы әңгімелеу

Кіріспе бөлім: Балаларға әкелген үлкен картиналарын тамашалауды ұсынады:

Негізгі бөлім: 1.Қыс жайлы, қар, аяз, жылы киім. шана жайлы әңгіме құрату, айтқызу

2.Жаз көрінісі гүлдер ашылып, көбелектер ұшып, адамдар көлде шомылып жатқаны жайлы. Қыс мезгілімен салыстыру, айырмашылығын танып айтқызу

Ортаға шығарып сергіту сәтін жасату.

Видео сергіту.

Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап»

Қорытынды бөлім: Балаларды мақтап құптайды.

№ 4 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 20.06.19

Білім беру саласы: «Шығармашылық».

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Музыка

Тақырыбы: Аялайық гүлдерді

Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Жазғы құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

Көрнекілік: жазғы көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік жұмыс: қараторғай, жыл құстары.

Кіріспе бөлім :

Алақанды ашайық

Күннің шуағын салайық.

Жүрек жылуын салайық

Жиналған жылу шуағын

Қонақтарға шашайық

Балалар «Гүлдер» биімен кіреді

Музыкалық - ырғақты қимылдар: музыка әуенімен тізбектеліп жүреді тыңдайды, гүлдермен танысады

Музыка тыңдау : Музыка тыңдау: « бұл қай кезде болады» Жаз Өткен әндерді қайталау ән айтар алдындағы ережелерді еске түсіріп, бойды тік ұстап, қатты айғайламай еркін айтуға үйрету.

Дауыс жаттығуы «Баспалдақ» Жаттығуды айтқызады .

Негізгі бөлім:

Ән үйрену: «Гүлдер»

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер

Жайнар кезім келді деп.

Қанаттарың желбіреп,

Таңмен бірге оянып

Күн нұрына боянып

Көрік бердің тобыма.

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: «Гүл шоғын жасау»

Қорытынды бөлім : Бүгін біз қандай тақырыппен таныстық?

Гүлдер бізге қажет пе?

Қандай пайдасы бар? Бүгін қандай гүлдермен таныстық? Олар не үшін қажет?

Таң ғажайып сәт: балалар, бүгінгі жақсы қатысқандарың үшін, менің сендерге беретін сыйлығым бар.(таратылады)

№ 5 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 21.06.19

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Саяхат»

Мақсаты: Өзге адамдарың іс-әрекеттерін бақылау, көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Көрнекілігі: Автобус макеті, ойыншық үй жануарлар.

Кіріспе бөлім: Балаларға автобус макетін көрсетіп оған мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға отырғызады.

Негізгі бөлім: Отырған балаларға ауылға бара жатқандарын айтады. Содан соң көлік жүрді деп балаларға алға қараңдар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді.

Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан -жағымызға қараймыз біздің оң жағымызда үйлер орналасқан, сол жағымызда үй жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп, оларды жасырып қояды.

Ауылда тағы қандай жануарлар бар деп балалардан сұрайды, олардың суретін қораптан алып көрсетуді өтінеді

Қорытынды бөлім: Балалардың іс әрекетін сипаттайды, баға береді

тексергілер: *Месер*

МАУСЫМ АЙЫ - 4 апта
Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді!»

Апта күндері	Дүйсенбі күні _____	Сейсенбі күні _____	Сәрсенбі күні _____	Бейсенбі күні _____	Жұма күні _____
Білім салалары	таным	денсаулық	коммуникация	шығармашылық	әлеумет
Таңертеңгі дидарласу: уақыты 7 ³⁰ -8 ⁰⁰	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сәлемдесуді үйрету.				
Таңғы жаттығу	I.Жүру, колдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп тұру. II.Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде: 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу, 4-қолды алға созу , 5-жердегі гүлдерді қолға алу бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас уақыты 8 ⁰⁰ -8 ⁴⁵	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қикымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. майлықты қолдануды үйрету.				
Оқу қызметтер: уақыты 9 ⁰⁰ -10 ⁰⁰	Құрастыру Ертегі кейіпкерлеріне арналған ірі құрастыру материалдарынан үй құрастыру	Дене шынықтыру Допты қақпаға домалатуды үйрету, қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқтың ұшына тұра білуін бекіту.	Сөйлеуді дамыту Алдыңғы оқу қызметте айтылған ертегіні оқып беру, естеріне түсіріп сахналауды үйрету.	Мүсіндеу Ертегідегі жануарларды мүсіндеу. Жеке жұмыстарды біріктіріп ұжымдық композиция жасау	Экология Өздеріне таныс ертегіде кездесетін жануарлардың сыртқы ерекшеліктерін атау.
Серуен уақыты 10 ⁰⁰ -11 ⁰⁰	Бақылау және танысу:				
	Шебер қолдар өнері: Ашылып жабылатын, құрастырмалы заттарды құрастыру бойына, көлеміне қарай топтастыруды қалыптастыру	қимылды ойын «Трамвай»	Құстар Балапан (тауық, үйрек, қаз балапандарының біреуі) қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру	Музыкалық іс шара : «Арулар шеруі»	Үй жануарлары: Қозы мен лақты салыстыру
	ойындар:				
	Жеке бас еркін ойындары мен «Ертегілер елінде» атты театрландырылған көріністі ұйымдастыр, ересек топтарды тамашалау. Құммен ойнау, бассейнге түсу, жүзу жаттығулары				
Гигиеналық шаралар, түскі ас уақыты 11 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Ұйқы уақыты 13 ⁰⁰ -15 ⁰⁰	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қикымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Ұйқыдан ояну шынығу, бесін ас уақыты 15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап , іліп қойуын қалыптастыру				
	Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу – уқалау, жолақшалармен жүру				
	Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс кию. Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету.				
	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Серуен шығармашылық ермек ойындар, уақыты 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	«Допты дәлдеп лақтыр» қ/о	«Сакина жасыру»қ/о	«Тышқандар мен мысықтар»қ/о	«Шыбыққа қалпақ кигізу»қ/о	«Қасқыр мен қоян»қ/о
Үйге оралу	Құммен, еркін ойындар				

№ 1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 24.06.19

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Құрастыру

Тақырыбы: «Үйшік»

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлеріне арналған ірі құрастыру материалдарынан үй құрастыру

Көрнекілік: Ірі құрылыс материалдары

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері

Аспан ашық көгілдір

Күн шуағын төгіп тұр

Қол ұстасқан біздерге

Терезеден карап тұр

Балаларға ертегі елінен қонаққа келген қоян мен мысықты таныстырып олардың өтінішін айтады. Балаларға олардың үйлері жоқ болғандықтан үйшіктер салуып беруді ұсынады. Ол үшін ірі құрылыс материалдарға жету үшін кедергілерді жеңу керек екендігін түсіндіреді.

Негізгі бөлім: Ашық алаң. Допты алып, ирек жіп үстімен өтіп, бір кірпішке (ағаштан шасалған) лақтырып тигізіп оны алып барып құрылыстың қажет орнына орналастыру қажет.

Үйшіктері біткен соң мысық үйінде доп ойнап отырады, ал қоянның көңіл күйі жоқ болып отырады.

Сондықтан біз оның көңлін көтерейік деп сергіту сәтін ұйымдастырады

Қорытынды бөлім: Балалардың іс-әрекетін кедергілерден жүгіріп өтуін бағалайды. Қоян мен мысыққа құрылыс материалдарынан не салып бергендерін сұрау

№ 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 25.06.19

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Дене шынықтыру

Мақсаты: Денені жан-жақты дамытатын жаттығуларды орындауды пысықтау, Допты қақпаға домалатуды үйрету, қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқтың ұшына тұра білуін бекіту.

Қолданылатын көрнекіліктер: Жіп, түрлі заттар

Кіріспе бөлім: Балаларды алаңға шақырады

I. Жүру, жай жүру, қолды белге қойып, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру.

II. Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде:

1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу,

4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде:

1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу, 4-қолды алға созу, 5-жердегі гүлдерді қолға алу бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу.

Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары.

